



Педагогикалық кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «Ақмолаоблысы білім басқармасы Степногорскқаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім береті мектебі» КММ білім беру ұйымы (бұдан әрі – БҰ) үшін «Білім туралы» ҚР 27.07.2007 ж. № 319 Заңына сәйкес, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР 27.12.2019 № 293-VI Заңына сәйкес, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген), БҰ Жарғысымен әзірленді.
- 1.2. Педагогикалық кеңес – БҰ-ның педагогикалық қызметін басқарудың үнемі жұмыс істейтін алқалы органы, ол білім беру және тәрбиелеу процестерін дамыту және жетілдіру, педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жұмыс істейді.
- 1.3. БҰ-ның әрбір педагог қызметкері еңбек шартын жасасқан сәттен бастап және оның күшін жойғанға дейін педагогикалық кеңестің мүшесі болып саналады.
- 1.4. Педагогикалық кеңес қабылдаған және ҚР заңнамасына, БҰ-ның Жарғысына қайшы келмейтін шешімді барлық педагогтар орындауға міндетті.
- 1.5. Осы ережеге өзгертулер мен толықтыруларды педагогикалық кеңес енгізеді және оның мәжілісінде қабылдайды.
- 1.6. Осы ереженің мерзімі шектеусіз. Ереже жаңасын қабылдағанға дейін жарамды.

2. Педагогикалық кеңестің міндеттері

- 2.1. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері мыналар:
- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - БҰ-ның жұмыс тәжірибесіне педагогика ғылымының, озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін енгізу;
 - педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық белсенділігін дамыту;
 - білім беру қызметінің бағыттарын айқындау, БҰ-ның даму бағдарламасын әзірлеу.

3. Педагогикалық кеңестің өкілеттігі

3.1. Педагогикалық кеңестің құрамына БҰ-ның барлық педагог қызметкерлері, медициналық қызметкер, ата-аналар комитетінің төрағасы (кеңесу дауысы құқығымен) кіреді. БҰ-ның басшысы педагогикалық кеңестің төрағасы болады. Педагогикалық кеңес Жарғының және басшының бұйрығымен бекітілетін Педагогикалық кеңес туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

Педагогикалық кеңестің өкілеттіктеріне мыналар жатады:

- БҰ-ның білім беру процесінің стратегиясын анықтау;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасын таңдау және талдау;
- балалармен жұмыстың әдістемелік бағыттарын, сондай-ақ тәрбие-білім беру процесі мазмұнының, әдістері мен түрлерінің барлық мәселелерін бөлу және бекіту;
- қосымша, соның ішінде ақылы білім беру қызметтерін ұйымдастыру туралы мәселелерді қарастыру;
- кадрлардың біліктілігін арттыру және дайындау мәселелерін қарастыру;

- БҰ өкілеттіктерінің шегінде педагог қызметкерлерді аттестаттауға байланысты мәселелерді шешу;
- педагог қызметкерлердің ақпараттары мен есептерін, БҰ-мен өзара әрекеттестіктегі ұйым мен мекеме өкілдерінің балаларды тәрбиелеу және білім беру мәселелері жөніндегі баяндамаларын, соның ішінде санитариялық-гигиеналық режимнің сақталуын, еңбектің қорғалуын, балалардың өмірі мен денсаулығының қорғалуын және БҰ-ның білім беру қызметінің басқа мәселелерін тексеру туралы хабарламаларды тыңдау;
- ұсынымдар әзірлеу үшін әртүрлі бейін мамандарын, кеңес берушілерді шақырту арқылы уақытша шығаршылық бірлестіктер құру;
- педагогикалық кеңестің өзге өкілеттіктері Жарғымен және Педагогикалық кеңес туралы ережемен айқындалады.

4. Педагогикалық кеңестің құқықтары

4.1. Педагогикалық кеңес құқылы

- БҰ басқаруға қатысуға;
- мемлекеттік билік органдарына, қоғамдық ұйымдарға ұсыныстарымен шығуға.

4.2. Педагогикалық кеңестің әр мүшесі құқылы

- егер оның ұсынысын педагогикалық кеңес мүшелерінің кем дегенде үштен бір бөлігі қолдаса, онда педагогикалық кеңесте БҰ-ның педагогикалық қызметіне қатысты кез келген мәселені талқылауды талап етуге;
- педагогикалық кеңестің шешімімен келіспеген жағдай да – өзінің дәлелді пікірін білдіруге, ол хаттамаға енгізілуі тиіс.

5. Педагогикалық кеңесті басқару

5.1. Педагогикалық кеңес қажеттілігіне қарай шақыртылады, бірақ тоқсанына бір реттен көп емес.

5.2. Педагогикалық кеңестің мәжілісіне кеңесу дауысы құқығымен балалардың ата-аналары (занды өкілдері) қатыса алады.

5.3. Егер педагогикалық кеңестің мәжілісіне оның мүшелерінің кем дегенде 2/3 қатысса, ол заңды. Егер шешімдер қатысушылардың көбісінің қарапайым дауыс беруімен қабылданса, олар жарамды.

5.4. Педагогикалық кеңес өз мүшелерінің қатарынан бір жылдық мерзімге төраға мен хатшыны сайлайды.

5.5. Педагогикалық кеңестің төрағасы

- педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастырады;
- педагогикалық кеңес мүшелерін өткізгенге дейін кем дегенде 30 күн бұрын алдағы мәжіліс туралы ақпараттандырады;
- мәжіліске дайындық пен өткізуді ұйымдастырады;
- күн тәртібін белгілейді;
- педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды.

5.6. Педагогикалық кеңес БҰ-ның жылдық жұмыс жоспарының бірі болып саналатын жоспар бойынша жұмыс істейді. Оған БҰ-ның басшысы жауапты. Шешімдерді педагогикалық кеңес мәжілісінің хаттамасында көрсетілген жауапты тұлғалар орындайды. Нәтижелері келесі мәжілісте жарияланады.

5.8. Педагогикалық кеңестің шешімдері басшының бұйрығымен іске асырылады.

6. Педагогикалық кеңестің өзге өзіндік басқарма органдарымен өзара байланысы

6.1. Педагогикалық кеңес өзге өзіндік басқарма органдарымен – Ата-аналар комитетімен, Балабақша-кеңесімен, Қамқоршылық кеңесімен өзара әрекеттестікті ұйымдастырады.

7. Педагогикалық кеңестің жауапкершілігі

7.1. Педагогикалық кеңес өзіне бекітілген міндеттер мен қызметтерді орындағаны, толық көлемде орындамағаны немесе мүлдем орындамағаны үшін жауапты.

7.2. Педагогикалық кеңес қабылданған шешімдердің ҚР заңнамасына, нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі үшін жауапты.

8. Педагогикалық кеңестің іс қағаздарын жүргізу

8.1. Педагогикалық кеңес мәжілістері хаттамамен ресімделеді.

8.2. Хаттамалар кітабына мыналар тіркеледі

- мәжілісті өткізу күні;
- педагогикалық кеңестің қатысқан (қатыспаған) мүшелерінің саны;
- шақыртылғандар (Т. А. Ә., лауазымы);
- күн тәртібі;
- мәселелерді талқылау барысы;
- педагогикалық кеңес мүшелері мен шақыртылған тұлғалардың ұсыныстары, ұсынымдары мен ескертулері;
- шешім.

8.3. Хатамаға педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды.

8.4. Хатамаларды нөмірлеу оқу жылының басынан бастап жүргізіледі.

8.5. Педагогикалық кеңестің хаттамалар кітабының әр беті нөмірленеді, бау өткізіледі, басшының қолымен және БҰ-ның мөрімен бекітіледі.

8.6. Педагогикалық кеңестің хаттамалар кітабы БҰ-ның істерінде 10 жыл сақталады және акті бойынша өткізіледі (басшы ауысқанда, мұрағатқа өткізгенде).

8.7. Педагогикалық кеңестің хаттамасына жазылатын баяндамалар, сөз сөйлеу мәтіндері (баяндама қоса тіркеледі) педагогикалық кеңестің хаттамалар кітабын сақтау мерзімі секілді мерзіммен жеке папкаға жинақталады.